

Соттардың бала асырап алу туралы істерді қарау кезінде неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 22 желтоқсандағы N 17 нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 31 наурыздағы № 2 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2016 № 2 Нормативтік қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2006.12.25 N 10, 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Н о р м а т и в т і к қ а у л ы с ы м е н .

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "неке" деген сөзден кейін "(ерлі-зайыптылық)" деген сөзбен толықтырылсын, "қорғаншы және қамқоршы органның", "қорғаншы және қамқоршы орган", "қорғаншы және қамқоршы органға" деген сөздер тиісінше "қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның", "қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган", "қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Жоғарғы Сотының ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы заңнаманың өзгеруіне байланысты және соттардың бала асырап алу туралы істерді қарау кезінде кәмелетке толмағандардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін барынша толық қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Конституциясы, Баланың құқықтары туралы 1989 жылғы 20 қарашадағы конвенция, Балаларды қорғау және шетелдік бала асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы 1993 жылғы 29 мамырдағы конвенция, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 380 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 382 Қаулысымен бекітілген

Мемлекеттің қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 383 Қаулысымен бекітілген Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау қағидалары және оны төлеу мөлшері, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 385 Қаулысымен бекітілген Бала асырап алу жөніндегі агенттіктерді аккредиттеу қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 386 Қаулысымен бекітілген Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 387 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі туралы қорытынды беретін комиссия қызметінің қағидалары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 388 Қаулысымен бекітілген Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және асырап алуға жататын балаларды есепке алуды ұйымдастыру және олар туралы ақпаратқа қол жеткізу қағидалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары ұлттық және халықаралық деңгейлерде бала асырап алу туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы болып табылатынына соттардың назары аударылсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

2. Кодекстің 87-бабының 1-тармағына сәйкес бала асырап алу туралы істерді сот азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген ережелер бойынша ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайды.

Бала асырап алуға тілек білдірген адам тек сот оның өтінішін қанағаттандырған жағдайда және сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін баланың заңды өкілі құқығын иеленеді (Кодекстің 88-бабының 1-тармағы).

Осы айтылғандарды ескере отырып, соттар арызданушының баланың мүліктік құқықтарын қорғау туралы талабының (мысалы, баланың оған сыйға тарту шарты, мұралыққа қабылдау не тұрғын үйді жекешелендіру және т.б. бойынша өз меншігіне көшкен жылжитын немесе жылжымайтын мүлікке меншік құқығы туралы) бала асырап алу туралы арызбен қатар қаралуға тиіс емес екенін есте ұстаулары қажет.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

3. Сот асырап алу туралы арызды қабылдай отырып, арыздың нысаны мен мазмұны бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің (әрі қарай мәтін бойынша - АІЖК) 150-бабында көзделген талаптарға сәйкестігін тексереді.

Осы санаттағы істердің ерекшелігін негізге ала отырып, сот арызда бала асырап алушылардың өздері туралы, олар асырап алуға тілек білдірген балалар туралы, олардың ата-аналары туралы, асырап алынатын балалардың акт жазбаларындағы ықтимал өзгерістер туралы өтініштердің, кодекс олардың бала асырап алу мүмкіндігін байланыстыратын мән-жайлар туралы мәліметтердің, оларды растайтын дәлелдемелердің, сондай-ақ мына төмендегі қажетті құжаттардың арызға қоса берілуін тексеруі қажет:

- баланың тұратын (тұрған) жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның бала асырап алудың негізділігі және бала асырап алудың асырап алынушының мүдделеріне сәйкестігі туралы қорытындысы;

- бала асырап алушылардың тұрмыс жағдайларын тексеру актісі;
- баланың тууы туралы акт жазбасы мен куәлігінің көшірмелері;
- құзыретті органның асырап алынатын баланың денсаулығының жағдайы, дене және ақыл-ойының дамуы туралы медициналық қорытындысы;
- егер заң бойынша талап етілсе, ата-аналардың баланы асырап алуға келісімі;
- егер бала 10 жасқа толса, баланың асырап алуға келісімі;
- арыз берушінің сол баланы асырап алуы мүмкін екенін растайтын дәлелдемелер.

Арызданушы осы құжаттарды ала алмаған жағдайда, сот оларды арызданушының өтініші бойынша тиісті органдардан сұратып алуға тиіс.

Баланы оның өгей әкесі немесе өгей шешесі асырап алған жағдайда, Кодекстің 93-бабының 3-тармағына сәйкес, қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның баланы асырап алудың негізділігі және бала мүдделеріне сай келетіні туралы қорытындысы талап етілмейді.

Арызға баланы асырап алушы (асырап алушылар) қол қояды, кімде кімнің асырап алушылардың мүддесі үшін арыз беруіне жол берілмейді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

4. Соттар табылған немесе тастанды баланы асырап алу кезінде баланың табылғаны туралы ішкі істер органдары немесе жергілікті атқарушы органдар әзірлеген хаттаманың немесе актінің болуының жеткіліксіз екенін есте ұстаулары қажет. Осындай балалар жөніндегі арызға, баланың Кодекстің 196-бабына сәйкес

тіркелгенін растайтын тууы туралы акт жазбасының көшірмесі және оның тууы туралы куәлік қоса берілуге тиіс.

Егер бала асырап алу туралы арыз берілген сәтте табылған немесе тастанды бала Заңның 175-бабына сәйкес тіркелмеген болса, онда сот АІЖК-нің 154 және 155-баптарына сәйкес арызды қозғалыссыз қалдыру немесе іс қозғауға кедергі болатын мән-жайларды жою үшін арызданушыға қайтару туралы мәселені шешуге тиіс.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

5. Баланы шетел азаматы асырап алған жағдайда сот, сондай-ақ арызданушыдан оның тұрмыс жағдайы және асыраушы болу мүмкіндігі туралы ол азаматы болып табылатын мемлекеттің не осы тұлға тұрақты тұратын мемлекеттің құзыретті органы берген қорытындыны, Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі мен консулдық мекемесінің шетел азаматының Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланы асырап алуға тілек білдірген адам ретінде аталған органдарда тіркелуін растайтын құжатын сұратуға міндетті.

Бұл ретте сот шетел азаматының не шетелде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматының асырап алу туралы мәселе қойып отырған баланың кемінде үш ай бойы орталықтандырылған есепте тұратынына көз жеткізуге тиіс.

Көрсетілген талаптарды тексеру үшін сот асырап алынатын баланың бастапқы, аймақтық және орталықтандырылған есепте тіркелуі туралы мәліметтерді сұратып алуға тиіс.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2006.12.25. N 10 Нормативтік қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланы асырап алу туралы істерді қарау кезінде соттар шетелдік адамдардың Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей іс жүргізу құқықтарын пайдаланатынын және іс жүргізу міндеттерін орындайтынын есте ұстаулары қажет (АІЖК-нің 413-бабының 2-бөлігі). Қазақстан Республикасынан тыс жерде Қазақстан Республикасының азаматына немесе шетелдік адамдарға қатысты, шетелдік мемлекеттердің заңдары бойынша шетелдік мемлекеттердің құзыретті органдары белгіленген нысан бойынша берген, жасаған немесе куәландырған құжаттарды соттар, егер Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе халықаралық шарттарымен өзгеше көзделмесе, консулдық ресмилендірілген жағдайда қабылдайды.

Шетелдіктерге асырап алуға берілген балаларға бақылау жасауды Қазақстан Республикасының елшіліктері немесе консулдық мекемелері және Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы жүзеге асырады (Кодекстің 251-бабының 2-тармағы).

Соттар консулдық ресмилендіру деп консулдың оның консулдық округі шегінде дайындалған және жергілікті өкімет органдары бекіткен құжатты немесе кез келген актіні өзінің қолымен және қойылған қолды мөрмен куәландырып, заңды күшіне енгізуі түсінілетінін есте ұстаулары қажет. Шетелде жасалған құжат консулды тағайындаған елге көрсетілуге тиіс болған жағдайда және осы мемлекеттің заңнамасымен талап етілгенде консулдық ресмилендіру жасалады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы үшін 2001 жылғы 30 қаңтарда күшіне енген, шетелдік ресми құжаттарды заңдастыруды талап етудің күшін жоятын Конвенцияға (Гаага, 1961 жылғы 5 қазан) қатысушы-мемлекеттер арасындағы қатынастарда құжаттарды заңдастыру талап етілмейтіндігін назарда ұстаған жөн.

Осы Конвенцияның 3, 5-баптарының талаптарына сәйкес, ресми құжаттарды дипломатиялық немесе консулдық заңдастырудың орнына Конвенцияға қатысушы-мемлекеттерде лауазымды тұлғалардың құжаттардағы қолдарының, мөрлердің немесе мөртаңбалардың түпнұсқа екендігін растау үшін осы құжат жасалған мемлекеттің құзыретті органы апостиль қояды.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2006.12.25. N 10 , 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

Бала асырап алуға үміткер, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдіктер баламен кемінде төрт апта тікелей қатынаста болуға тиіс. Осы мерзімді олар баланы асырап алу туралы сотқа арыз бергенге дейін сақтауға тиіс.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматының немесе Шетелдіктің баланы асырап алу туралы осы мерзім өткенге дейін берген арызы АІЖК 155-бабының бірінші бөлігіне сәйкес қозғалыссыз қалдырылуға жатады, ал арызды қозғалыссыз қалдыру туралы ұйғарымда көрсетілген талаптар орындалмаған жағдайда талапкерге қайтарылады.

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2006.12.25. N 10 Нормативтік қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

6-2. Егер шетелдік агенттік берген апостиль қойылған құжаттың қолданылу мерзімі шектеулі болса, осы мерзім құжатты сотқа ұсынған сәтте өтсе, онда

мұндай құжатты жол берілетін дәлелдеме ретінде танымау туралы мәселені шешу қажет.

Ескерту. 6-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2006.12.25. N 10 Нормативтік қаулысымен.

7. Баланы асырап алу туралы істер қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның өкілінің міндетті түрде қатысуымен қаралады. Бұған қоса, баланың мүддесін барынша ескеру мақсатында сот асырап алынатын баланың ата-аналарын (ата-анасын), ата-аналары болмаған жағдайда оның жақын туыстарын, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тұрған мекеменің өкілін, басқа да мүдделі адамдарды, егер ол 10 жасқа толса баланың өзін іске қатыстыруға тиіс (Кодекстің 93, 95-баптары, Баланың құқықтары туралы Конвенцияның 9-бабы).

Егер сот 10 жасқа толған асырап алынатын баладан сот отырысында қаралып отырған мәселе бойынша оның пікірін сұрау қажет деген тұжырымға келсе, онда сот баланың сотқа қатысуы оған қолайсыз әсер етпейтіндей етіп, алдын ала қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның пікірін анықтап алғаны дұрыс.

Сұрау кезінде баланың пікірі оған ата-аналарының бірінің немесе басқа мүдделі адамдардың ықпал етуінің салдарынан болған болмағанын, осы пікірді білдіру кезінде оның өз мүдделерін сезінетінін немесе сезінбейтінін және баланың оны қалай негіздейтінін анықтау қажет.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

8. Бала асырап алудың заңмен қорғалатын құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында (Заңның 91-бабы) сот АІЖК-нің 19-бабына сәйкес, іске қатысушылардың өтініштері бойынша шешімді жариялауды қоса алғанда істі жабық сот отырысында қарауға құқылы.

9. Асырап алу туралы талапты тиісінше қарай отырып, сот арызданушының асырап алу мүмкіндігін теріске шығаратын негіздердің жоқтығы туралы мәселені талқылап алуы қажет (Кодекстің 91-бабының 2-тармағы, 92-бабының 1-тармағы).

Бала асырап алушы мен асырап алынушы баланың жас айырмасы кем дегенде 16 жас болуға және ол 45 жастан аспауға тиіс екендігі туралы Кодекстің 91-бабының талаптарын негізге ала отырып, Кодекс себепті деп таныған негіздер бойынша (туыстық қарым-қатынаста болу немесе баланың оны асырап алатын адамға бауыр басып, оны өзінің ата-анасы деп есептеуі және т.б.) жас айырмасын қысқартуға болатындығын соттардың назарда ұстағандары жөн.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

10. Баланың ата-анасы болған жағдайда олардың келісімі асырап алудың міндетті шарты болып табылады. Бала асырап алуға ата-ананың келісімі нотариат куәландырған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала тұратын мекеменің басшысы не бала асырап алу жүргізілген орындағы немесе ата-ананың тұрғылықты жеріндегі қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган растаған арызда көрсетілуге тиіс, сондай-ақ бала асырап алу ісін жүргізу кезінде сотта тікелей білдірілуі мүмкін. Ата-ананың бала асырап алуға сотта берген келісімі хаттамада көрсетіліп, оның қолы қойылуға, сондай-ақ шешімде көрсетілуге тиіс. Алайда, ата-аналардың құқықтарының басымдығын негізге ала отырып, олардың қай-қайсысының да баланы асырап алу жөнінде бұрын берген келісімін, осы шешімге бару себептеріне қарамастан, шешім шығарылғанға дейін кері қайтарып ала алатынын ескеру қажет (Кодекстің 93-бабы). Мұндай жағдайда сот баланы асырап алу туралы талапты қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарады.

Заңның ата-ананың баланы асырап алуға келісімі туралы талабы Кодекстің 94-бабы көзделген жағдайлардан басқа, ата-аналары (ата-анасы) бар және қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған, бала асырап алған отбасылардағы, тәрбие, емдеу, емдеу-профилактика мекемелеріндегі, халықты әлеуметтік қорғау мекемелерінде және басқа да осындай мекемелерде тұрған балаларға қолданылады.

Бұл ретте Кодекстің 77-бабының 7-тармағына сәйкес, ата-аналары ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда соттың ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап алты ай өткен соң бала асырап алуға жол берілетінін назарда ұстау қажет. Ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналардың біреуінің бала асырап алуына екінші ата-ананың келісімімен жол беріледі.

Қорғаншының (қамқоршының), өгей ата-ананың немесе жоғарыда көрсетілген мекемелердің жетекшілерінің асырап алуға келісім беруден бас тартуы, ата-аналардың бас тартуынан бір ерекшелігі, егер мұны баланың мүддесі талап етсе, соттың бала асырап алу туралы мәселені оңынан шешуіне кедергі жасамайды (Кодекстің 93-бабының 1, 4-6 тармақтары).

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

11. Егер баланы ерлі-зайыптылардың екеуі бірдей асырап алмаса, баланы ерлі-зайыптылардың біреуі асырап алған кезде бала асырап алуға

ерлі-зайыптылардың екіншісінің жазбаша келісімі талап етіледі (Кодекстің 96-бабы).

Бала асырап алу туралы арызды қараған сот ерлі-зайыптылардың отбасылық қарым-қатынастарды тоқтатқанын, бір жылдан астам уақыт бойы бірге тұрмағанын және арызданушыға жұбайдың тұрған жері белгісіз болғанын анықтаған жағдайларда, осындай жазбаша келісім талап етілмейді. Көрсетілген мән-жайлар АІЖК-нің 64-бабында көзделген дәлелдеу құралдары, сондай-ақ соттың осы жұбайды хабарсыз кеткен деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі арқылы анықталуы мүмкін.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

12. Бала асырап алу баланың мүддесіне жауап берген жағдайлардан (мысалы, балалар өздерінің туыстығын білмесе, бірге тұрмаса және бірге тәрбиеленбесе, денсаулық жағдайларына байланысты бірге тұра алмаса және бірге тәрбиелене алмаса) басқа жағдайларда ағалы-інілі және апалы-сіңлілі балаларды әр түрлі адамдардың асырап алуына жол берілмейді.

13. Бала асырап алудың мүмкін екендігі туралы мәселені қарау кезінде, әрбір нақтылы жағдайда, бала асырап алушының адамгершілік және өзге де жеке басының қасиеттерін (арыз берушінің жұмыстағы, тұрмыстағы тәртібін сипаттайтын мән-жайлар, бала асырап алу сәтінде қасақана қылмыс жасағаны үшін өтелмеген немесе алынбаған соттылығының болуы), оның денсаулығының жайын, жасын, отбасы ішіндегі қалыптасқан қарым-қатынасын, осы адамдар мен баланың арасындағы пайда болған қатынастарды, сондай-ақ болашақ бала асырап алушылардың материалдық және тұрмыстық жағдайларын тексеру және ескеру қажет.

Асырап алушы болу құқығын растайтын құжаттарды тексеру кезінде тұлғаның соттылығының болуы не болмауы фактісін баланы асырап алуға тілек білдірген тұлға тұратын елдің тек құзыретті органы растауы қажет екендігін соттардың назарда ұстағандары жөн.

Балаларды асырап алуға тілек білдірген тұлғалар ұсынған құжаттардың аударылуының дұрыстығын растау үшін соттар қажетті жағдайда тиісті мамандарды іске қатысуға тартулары тиіс.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2006.12.25. N 10, 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулыларымен.

14. Кодекстің 100-бабының 1 және 1-тармақтарының талаптарына сәйкес асырап алынған балалар және олардың ұрпақтары бала асырап алушылар мен олардың туыстарына қатысы бойынша, ал бала асырап алушылар және олардың

туыстары асырап алынған балалар мен олардың ұрпақтарына қатысы бойынша жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар мен міндеттер жағынан тегі бір туыстарға теңестіріледі. Асырап алынған балалар өздерінің туған ата-аналарына қатысты жоғарыда көрсетілген құқықтарды жоғалтады және міндеттерден босатылады.

Аталған құқықтық салдар бала асырап алушылардың осы баланың тууы туралы акт жазбасында ата-аналар ретінде жазылған жазылмағанына қарамастан туындайды. Асырап алынған баланың ата-аналарының бірі қайтыс болғанда және осы ата-ананың тарапынан жақын туыстар, баланың мүддесін негізге ала отырып, қайтыс болған адамның туыстарының асырап алынған бала жөніндегі құқықтары мен міндеттерін сақтау жөнінде арыз беру жағдайы бұған жатпайды.

Сот баланы тек бір адам асырап алған жағдайда және егер бала асырап алушы еркек болса, шешесінің тілегі бойынша, егер бала асырап алушы әйел болса, әкесінің тілегі бойынша ата-аналардың біреуінің жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар мен міндеттерін сақтауы мүмкін (Кодекстің 100-бабының 3-тармағы).

Асырап алынған баланың ата-анасының біреуімен немесе қайтыс болған ата-анасының туыстарымен қарым-қатынастарының сақталуы жөнінде баланы асырап алу туралы сот шешімінде көрсетіледі.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

15. Бала асырап алу туралы шешімнің қарарлық бөлімінде арыз берушінің бала асырап алу туралы талабының қанағаттандырылғаны туралы, сондай-ақ тууы туралы акті жазбасына тиісті өзгерістерді енгізудің қажеттігі туралы, оның ішінде тууды жазу туралы кітапқа асырап алушыны (асырап алушыларды) ата-ана ретінде жазу туралы, егер арызда осындай өтініш болса және 10 жасқа толған баланың келісімі берілсе, баланың тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен орнын, сондай-ақ, егер сот бұл мәселелерді арыз берушінің не мүдделі адамдардың өтініші бойынша оңынан шешкен болса, асырап алынған баланың ата-анасының бірінің немесе оның қайтыс болған ата-анасының туыстарының жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтарының сақталуы туралы көрсету қажет.

Бұл ретте асырап алу кезінде баланың ұлтын өзгерту соттың құзырына кірмейтініне және Кодекстің 65-бабына сәйкес белгіленетініне соттардың назарын аудару қажет.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

16. Соттар Кодекспен, бала асырап алуды бұзу және, сондай-ақ бала асырап алуды жарамсыз деп тану үшін негіздер көзделгенін есте ұстаулары қажет.

Бала асырап алудың күшін жоюды талап етуге, Кодекстің 108-бабына сәйкес, оның ата-аналарының, бала асырап алушының жұбайының, бала асырап алушылардың, 14 жасқа толған асырап алынған баланың, қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, сондай-ақ баланың мүдделеріне сай прокурордың құқығы бар.

Бала асырап алудың күшін жою туралы талап Кодекстің 106-бабының 1-тармағында көзделген негіздер болған кезде қойылуы мүмкін. Бұл ретте соттың назарын талап тек ата-аналық құқықтардан айыру туралы емес, нақ бала асырап алуды жою туралы болуға тиіс, өйткені баланы асырап алушыларда ата-аналық құқықтар мен міндеттер балалардың олардан тарауының нәтижесінде емес, баланы асырап алудың нәтижесінде пайда болады.

Кодекстің 106-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда, баланың асырап алудың күшін жоюға келісімін анықтау талап етілмейді.

Сот, Кодекстің 106-бабының 2-тармағының талаптарына орай, баланың мүддесін негізге алып және оның пікірін ескере отырып, бала асырап алушының тәртібіне қояр кінә болмаған жағдайда да бала асырап алудың күшін жоюға құқылы. Мұндай мән-жайларға, атап айтқанда, асырап алушы мен асырап алынушының өздерінің жеке бастарының қасиеттеріне байланысты өзара қарым-қатынастарының қалыптаспауын; асырап алғаннан кейін, баланың денсаулығының тәрбиелеу кезінде елеулі қиындықтар туғызатын, бала асырап алушы бала асырау кезінде олар жөнінде ескертілмеген ақыл-ой кемістігін немесе тұқым қуалаған ауытқушылықтарды; балалардың ұмыта алмастай қатты бауыр басқан ата-аналарының әрекетке қабілетінің қалпына келтірілуін, мұның өзінің оның жай-күйіне кері әсер етуін және т.б. жатқызуға болады.

Бала асырап алудың күшін жою туралы арызды сот талап қою тәртібімен міндетті түрде бала асырап алушылардың, қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның, сондай-ақ прокурордың қатысуымен қарайды (Кодекстің 107-бабының 2-тармағы).

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

17. Кодекстің 103-бабына сәйкес сот бала асырап алуды:

- 1) асырап алу туралы сот шешімі жалған құжаттар негізінде қабылданған;
- 2) бала асырап алу Кодекстің 93-бабында көрсетілген адамдардың келісімінсіз жасалған;
- 3) некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрған адам жұбайының жазбаша келісімінсіз бала асырап алған;

4) Кодекстің 91-бабының 2-тармағында көзделген ереже бұзылған жағдайларда жарамсыз деп таниды.

Бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы талапты асыралып алынушының ата-аналары, асырап алушының жұбайы, бала асырап алуға байланысты құқықтары бұзылған адамдар, прокурор, қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган қоюға құқылы.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

18. Соттың баланы асырап алу туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш күннің ішінде осы шешімнің үзінді көшірмесі бала асырап алу туралы шешім шығарылған жердегі тіркеуші органға және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға жіберілуге тиіс екенін, ал бала асырап алудың күшін жою және бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы сот шешімінің үзінді көшірмесі осы мерзімнің ішінде бала асырап алуды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға жіберілуге тиіс екенін соттар ескеріп отырулары қажет (Кодекстің 88-бабы және 105-бабының 4-тармағы).

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жоғарғы Сотының 2012.05.31 № 2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

19. Баланың мүддесін тікелей қозғайтын ерекше жағдаяттар кезінде сот, АІЖК-нің 238-бабына сәйкес, арызданушының өтініші бойынша, оның сот шешімін жедел орындау қажеттігі туралы тұжырымға келуінің дәлелдерін (мысалы, асыралып алушыны емдеу үшін жедел ауруханаға жатқызып шұғыл емдеудің қажеттігі және кешіктірудің баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі) келтіре отырып, шешімді жедел орындауға жібереді.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 2006.12.25. N 10 , 2008.12.22. N 14 Нормативтік қаулыларымен.

20. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2010.06.25 N 1 (ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) Нормативтік қаулысымен.

21. Осы қаулы жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК